

## Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 қарашадағы N 303-61 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2011 жылдың 13 желтоқсанда N 2-2-125 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2012 жылғы 08 маусымдағы N 4-31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2012.06.08 N 4-31 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 Қаулысына сәйкес Қапшағай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Қапшағай қалалық мәслихатының 2008 жылғы 21 ақпандағы "Қапшағай қаласы және Заречный, Шеңгелді селолық округтері бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібін бекіту туралы" N 50-9 (Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 наурызда 2-2-61 нөмірімен мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 19 наурыздағы "Қапшағай" газетінің N 11 нөмірінде жарияланған), 2009 жылғы 26 наурыздағы N 134-24 "Қапшағай қалалық мәслихатының 2008 жылғы 21 ақпандағы "Қапшағай қаласы, Заречный және Шеңгелді селолық округтері бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібін бекіту туралы" N 50-9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 04 мамырда 2-2-82 нөмірімен мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 09 мамырдағы "Нұрлы Өлке" газетінің N 18 (30) нөмірінде жарияланған) шешімдерінің күші ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың азаматтардың

құқығын қорғау, құқықтық тәртіпті және заңдылықты сақтау, мәдениет, білім, денсаулық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының  
төрағасы,  
Қ. Ахметтаев  
мәслихаттың хатшысы  
КЕЛІСІЛГЕН:

"Қапшағай қаласының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
А. Іңкәрбекова  
28 қараша 2011 жыл

Қалалық мәслихатының  
2011 жылғы 28 қарашадағы  
"Аз қамтамасыз етілген отбасыларға  
(азаматтарға) тұрғын үй  
көрсетудің мөлшерін және тәртібін  
айқындау туралы" N  
шешіміне қосымша

### **Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі**

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 512 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" N 2314 Қаулыларына сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

### **Жалпы ереже**

1. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
шекті жол берілетін шығыстар үлесі – отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге

қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығындардың рұқсат етілген шекті деңгейінің отбасының жиынтық табысына пайызбен қатынасы;

отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасының ақшалай да, заттай да нақты алған табысының жалпы сомасы;

өтініш беруші – тұрғындық көмекті тағайындату үшін отбасы атынан өтініш беретін адам;

кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін күтіп ұстау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын тұрғын үй көмегін тағайындауды және төлемді жүзеге асыратын облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы;

учаскелік комиссия – әлеуметтік көмекті алуға өтініш жасаған отбасылардың (азаматтардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін қала әкімінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (жалға алушылары) болып табылатын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға; коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерінде;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс

қызметтерінің, тұрғын үйді жалға алу төлемақысының өтемақы төлемдерін қамтамасыз ететін нормалар шегінде нақты ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығындарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Белгіленген нормадан артық кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін азаматтар жалпы негіздер бойынша төлейді.

Отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығындардың рұқсат етілген шекті деңгейі отбасы табысының он пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерінің, тұрғын үйді жалға алу төлемақысының өтемақы төлемдерін қамтамасыз ететін нормалар шегінде нақты ақы төлеу шығындары жиынтық табысының 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тағайындалады.

Күтімге мұқтаж деп танылған бірінші және екінші топтағы мүгедектерге күтім жасайтын немесе үш жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеумен айналысатындарды, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскери қызмет атқармайтын, жұмыс істемейтін және жұмыссыз ретінде уәкілетті органда тіркелмеген еңбекке қабілетті тұлғалары бар аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Егер өтініш беруші толық емес немесе шындыққа сай келмейтін мәліметтерін берген жағдайда тұрғын үй көмегіне ұсынылған құжаттар қабылданбайды.

### **Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау**

4. Тұрғын үй көмегі тағайындалады - Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және тұрып қайту рұқсаты бар азаматтығы жоқ тұлғаларға.

5. Жергілікті жылумен жылытылатын жекеменшік үй құрылыстарында

тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегі жылыту маусымына тағайындалады. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін есептеу мерзімі өтінішімен қоса барлық қажетті құжаттарды өткізген жылдың тоқсаны болып саналады. Қайталанған өтініш кезінде тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанда құжаттарды ұсыну мерзімінен тәуелсіз тоқсанға тағайындалады.

Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (пәтерлер, тұрғын үйлер) бар немесе тұрғын жайды жалға немесе пайдалануға беруші аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі берілмейді.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) өтініші мен қоса уәкілетті органға немесе ауылдық округтің әкіміне келесі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі (тұрғын үй аумағының көлемі, бөлме саны көрсетілген жекешелендіру, сыйға тарту, сату - сатып алу, жалға беру келісімшарты);

3) отбасының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекен-жай бюросының анықтамасы);

4) отбасының табысын растайтын құжаттар (тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш жасардың алдындағы үш айдағы отбасының еңбекпен тапқан табысы, зейнетақысы, жәрдемақысы, алименттер, жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыстары, өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға);

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

6) пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшысының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

7) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары, телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерің көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шоты;

9) жекеменшігінде бір үйден басқа үйі жоқ екендігі туралы анықтама, жылына бір рет ұсынылады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге

қ а й т а р ы л а д ы .

7. Тұрғындық көмекті төлеу және тағайындау бойынша уәкілетті органы жоқ болған жағдайда өтініш беруші тұрғылықты мекен-жайы бойынша құжаттарды ауылдық округтің, кенттің, ауылдың әкіміне өткізеді.

8. Уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінің атынан өтінішімен оған қосымша құжаттармен және учаскелік комиссиялардың қорытындыларымен бірге өтініштерді қабылдайды, оларды қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде қарайды және тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындамау туралы есеп жүргізеді.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар он бес күн мерзімде уәкілетті органды көмек мөлшерінің өзгеруі үшін негіз болатын немесе алуға әсер ететін мән-жайлар туралы х а б а р д а р е т е д і .

Өтініш беруші тұрғын үй көмегінің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы хабарламаған жағдайда, қайта есептеу келесі тоқсанда жүргізіледі ( а н ы қ т а л ғ а н у а қ ы т т а н ) .

Артық төленген сомалар ерікті түрде, ал бас тартылған жағдайда – сот тәртібімен қ а й т а р ы л у ғ а т и і с .

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган немесе кенттің әкімі, ауыл, ауылдық (селолық) округтің әкімі құжаттардың көшірмелерін тексеріп, оларды тіркеуден өткізеді және өтініш берушіге құжаттарын қабылдағаны жөніндегі растайтын құжат беріледі.

11. Кенттің әкімі, ауыл, ауылдық (селолық) округтің әкімі өтініш берушінің құжаттарын тұрғындық көмекті төлеу және тағайындау туралы өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен он күн мерзімнен кешіктірмей уәкілетті органға ө т к і з е д і .

12. Мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінен басқасы, отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған, бір үй шаруашылығын жүргізетін, тұрғылықты жері бойынша тіркелген, бір елді мекен шегінде бірге тұратын барлық мүшелерінің өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеледі және табыстың барлық түрлері есепке алынады:

1) еңбекақы түрінде алынатын табыстар, әлеуметтік төлемдер;  
2) он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік ж ә р д е м а қ ы ;

3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі т а б ы с ;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кіріс бес айлық есептік көрсеткіші м ө л ш е р і н д е с а н а л а д ы ;

5) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жиынтық табысы олардың жазбаша

өтініштері негізінде расталады.

Отбасының жиынтық табысы алименттердің есебінсіз есептеледі, егер төлеуші:

жұмыс істемейтін және жұмыспен қамту бойынша уәкілетті органда тіркеуде тұрмаған (анықтама ұсынған жағдайда) болмаса;

бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болғанда (анықтама ұсынған жағдайда);

туберкулез, психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), емделу-еңбек профилакторийлерінде емделуде немесе тіркеуде болғанда (анықтама ұсынған жағдайда);

Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі болмаған мемлекеттерге тұрақты тұруға көшкенде (анықтама ұсынған жағдайда).

13. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй көмегі;

3) жерлеуге берілген бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілген біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) есеп беру кезеңінде жалпы сомасы белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен көрсетілген ақшалай және заттай қайырымдылық көмек (құндық бағасы);

6) өз ісін ашуға немесе қосалқы шаруашылығын дамытуға берілген әлеуметтік көмек;

Өз ісін ашуға немесе қосалқы шаруашылығын дамытуға берілген әлеуметтік көмек мақсатына сай пайдаланылмағаны анықталған кезден, сол тоқсандағы жиынтық табысы көрсетілген көмектің сомасынан есептелінеді.

7) төтенше жағдайлар салдарынан денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалдың есесін қайтаруға көрсетілген көмек.

14. Өтемақы төлемдерімен қамтамасыз етілетін тұрғын үйлер аумағының нормалары заңнамамен белгіленген отбасының әр мүшесіне тұрғын үй беру нормаларына баламалы.

15. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі нормалар қабылданады:

1) электр энергиясын қолдану: 1 адамға – 70 киловатт, 2 адамға – 140 киловатт, 3 адамға және одан көп адамнан тұратын отбасына – 210 киловатт;

2) суық су, ыстық су – әр отбасы мүшесіне, су өлшеуіш болған жағдайда, көрсеткішке байланысты төленеді;

3) қатты отынды қолданатындарға: пеш жағатын тұрғын үйлерге – бір жылыту мерзіміне үш тонна көмір от жағу кезеңіне;

4) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару – ай сайын әр отбасы мүшесіне;

5) газ тұтыну - бір отбасына айына бір кішкене (10 килограмм) газ баллон;  
б) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге (немесе) қаражат жинақтауға арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шотын.

16. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін қызмет көрсетушілер және көмірдің бағасын "Қапшағай қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары б ө л і м і " ұ с ы н а д ы .

17. Тұрғын үй көмегінің төлемі тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган және банк филиалдары немесе көрсетілген операция түрлеріне лицензиялары бар басқа да ұйымдар арасында жасалған Агенттік келісімі негізінде тағайындалған соманы алушының жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

## **Қорытынды**

18. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.